

517-1-22 ҚБТУ ИМЖ КС



**«ҚАЗАҚСТАН-БРИТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ИМЖ КОРПОРАТИВТІК СТАНДАРТЫ**

**ҚАЗАҚСТАН-БРИТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АҚ-та
БАКАЛАВРИАТ СТУДЕНТТЕРІНЕ АТАУЛЫ СТИПЕНДИЯЛАР
БЕРУ ТӘРТІБІ**

517-1-22 ҚБТУ ИМЖ КС

Алматы қ.

517-1-22 ҚБТУ ИМЖ КС

Алғысөз

Осы «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ-та бакалавриат студенттеріне атаулы стипендиялар беру тәртібі» корпоративтік стандарты «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ-тың (бұдан әрі – ҚБТУ) интеграцияланған менеджмент жүйесінің (бұдан әрі – ИМЖ) құжаттамасының құрамдас бөлігі болып табылады және ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2016, GOST ISO/IEC 17025-2019 сериялы халықаралық стандарттар талаптарының сақталуын тәртіптейді.

Жалпы мәліметтер

Студенттік мәселелер жөніндегі департаментте

ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ

«Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ Басқармасының
25.11.2022 ж. № 20 шешімімен

БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

517-1-22 ҚБТУ ИМЖ КС

МАЗМҰНЫ:	Бет.
1. МАҚСАТЫ	4
2. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ	4
3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
4. РӘСІМ БОЙЫНША ТАЛАПТАР	4
5. ЖОБАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	7
6. КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	7
7. РӘСІМ БОЙЫНША ТӘУЕКЕЛДЕР	7
8. ИМЖ БОЙЫНША ЖАЗБАЛАР	8
9. ЖАУАПТЫЛЫҚ	8
10. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР	8
11. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	8
БЛОК-СҰЛБА	9
1-ҚОСЫМША	10
2-ҚОСЫМША	12

517-1-22 ҚБТУ ИМЖ КС

1. МАҚСАТЫ

1.1. «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ-та бакалавриат студенттеріне атаулы стипендиялар беру тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) ҚБТУ бакалавриат студенттеріне «KBTU Alumni» Түлектері қауымдастығының атаулы стипендиялар беру шарттары мен тетігін айқындайды.

2. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

2.2. Осы тәртіптің талаптары атаулы стипендияларды бөлуге және төлеуге тартылған ҚБТУ құрылымдық бөлімшелерінің барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті. «KBTU Alumni» Түлектер қауымдастығының атаулы стипендияларын ҚБТУ–дың 2006 жылғы түлектері бастап ұсынады.

3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1. Осы Тәртіппен келесі терминдер және оларға сәйкес анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

- 1) **Қауымдастық** – ҚБТУ бакалавриат студенттеріне арналған стипендияның демеушісі ретіндегі «KBTU Alumni» ҚБТУ түлектерінің қауымдастығы;
- 2) **жоба ұйымдастырушысы** – «KBTU Alumni» Түлектер қауымдастығының кеңесі;
- 3) **жоба** – «KBTU Alumni» ҚБТУ түлектері қауымдастығының атаулы стипендияларын ҚБТУ студенттеріне төлеуді ұйымдастыруға бағытталған іс-шаралар кешені
- 4) **студент** – конкурсқа қатысатын ҚБТУ бакалавриатының білім алушылары;
- 5) **стипендиат** – студент– оқу семестрі ішінде Стипендия алу конкурсының жеңімпазы;
- 6) **стипендия** – Қауымдастықтың өтінімі бойынша KBTU Endowment корпоративтік қорының қаражатынан берілген және әрі қарай Студентке төлеу үшін ҚБТУ есеп-шотына жіберілген ай сайынғы ақшалай төлем;
- 7) **өтінім** - осы Тәртіптің формасы мен шарттары бойынша үміткердің Ұйымдастырушының арнайы alumni_scholarship@kbtu.kz пошта жәшігіне жіберетін өтінімі мен растау құжаттары;
- 8) **комиссия** – ҚБТУ түлектерінің арасынан таңдалатын, өз жұмысында осы тәртіпті басшылыққа алатын және осы тәртіпке сәйкес стипендия алушыларды қарауға және бекітуге өкілеттігі бар, саны кемінде 5 адамнан тұратын тәуелсіз тұлғалар. Аталған талапты сақтамау конкурстық іріктеу қорытындыларының жарамсыздығына әкеп соғады;
- 9) **конкурс** – Комиссия жүзеге асыратын өтінімдерді қарау және студенттерді іріктеу процесі;
- 10) **менеджер** – Студенттерден Конкурсқа қатысуға келіп түскен Өтінімдерді қабылдайтын университеттің штаттық қызметкері.

4. РӘСІМ БОЙЫНША ТАЛАПТАР

4.1. «KBTU Alumni» Түлектер қауымдастығы ҚБТУ студенттеріне елдің жас зияткерлік әлеуетін қолдау және дамыту мақсатында стипендиялар ұсынады.

4.2. Негізгі мақсат келесілер боып табылады:

- дарынды студенттерді, сондай-ақ әлеуметтік осал санаттарға жататын білім алушыларды қолдау;
- студенттердің университет өміріне белсенді қатысуға деген ынтасын арттыру;
- Түлектер қауымдастығының беделін арттыру.

4.3. Стипендия мөлшері: ҚР қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен ұсталатын салықтарды ескере отырып, бір Студентке айына 33 334 (отыз үш мың үш жүз отыз төрт) теңге.

4.4. Мақсатты топ: ҚБТУ бакалавриат студенттері. Үлестестік бойынша шектеулер: Студент университет қызметкерлерінің және/немесе жобаны ұйымдастырушылардың жақын туысы болмауы тиіс.

517-1-22 ҚБТУ ИМЖ КС

4.5. Студенттің мемлекеттік стипендия алуы Конкурса қатысудан және Қауымдастық стипендиясын алудан бас тартуына негіз болып табылмайды. Студент конкурса келесі академиялық кезеңде – қайта қатысуға құқылы.

4.6. Стипендияларды тағайындау мерзімі: бір оқу семестрі (6 ай).

4.7. Конкурса қатысу үшін Студент:

- 1) осы Тәртіпке №1 қосымшаға сәйкес белгіленген үлгідегі Өтінімді толтырады;
- 2) өтінімді және растайтын құжаттардың көшірмелерін сканерленген нұсқада alumni_scholarship@kbtu.kz электрондық адреске жібереді.

4.8. Конкурса қатысу үшін ұсынылатын құжаттар:

4.8.1. Міндетті құжаттар:

1. белгіленген үлгідегі өтініш (№1 қосымша);
2. жауаптылық жөндегі өтініш (№2 қосымша);
3. транскрипт;
4. уәждемелік хат – «Неліктен мен стипендияға лайықтымын?» тақырыбында кем дегенде 100 сөзден тұруы тиіс (тілдері: қалауынша – қазақ, орыс, ағылшын);
5. жетім, мүгедек, ата-анасы мүгедектер және/немесе ата-анасы зейнеткерлер болған жағдайда көрсетілген санаттардың біреуін (немесе бірнешеуін) құжаттамалық растау (**Әлеуметтік осал студенттер үшін міндетті құжат**);
6. отбасы құрамы туралы анықтама немесе барлық балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері (**Көп балалы отбасылардан шыққан студенттер үшін міндетті құжат**).

4.8.2. Қосымша құжаттар (болуы барысында):

- конкурстарға, олимпиадаларға және т. б. қатысу туралы куәландыратын құжаттардың көшірмелері;
- ғылыми жарияланымдардың көшірмелері.

4.9. Студенттерге қойылатын талаптар:

- соттылықтың және/немесе әкімшілік жазаның болмауы;
- ҚБТУ-да өткен және ағымдағы академиялық кезеңдер (семестр) үшін тәртіптік бұзушылықтардың болмауы;
- ҚБТУ бакалавриат бағдарламасында оқу;
- осы Тәртіптің 4.11-тармағында көрсетілген үлгерім критерийлеріне сәйкестігі;
- осы Тәртіптің 4.4-тармағында көрсетілген үлестестік критерийлеріне сәйкестігі;
- қосымша талаптарды немесе шарттарды қауымдастық қосуы мүмкін.

4.10. Іріктеу критерийлері:

Оқу жылына қарамастан:

- жалпы GPA 3.0-ден (комиссияда қаралған сәтте) және әлеуметтік осал санаттарға жататын студенттер үшін GPA 2.2-ден кем емес болуы;
- университеттің қоғамдық, мәдени, ғылыми-зерттеу және практикалық қызметіне белсенді қатысуы;
- ҚБТУ-да оқу кезеңінде республикалық және/немесе халықаралық олимпиадаларда, шығармашылық конкурстарда, ғылыми конференцияларда, стартап жобалар конкурстарында жетістіктері бар болуы немесе ашылулардың, өнертабыстардың авторлары болып табылуы;
- мемлекеттік стипендиядан өзге көздерден стипендия алмайтындар.

Тең жағдай барысында артықшылыққа ие болатындар:

- жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар;

517-1-22 ҚБТУ ИМЖ КС

- көп балалы отбасылардан шыққан студенттер, мүгедек ата-аналары немесе зейнеткер ата-аналары бар студенттер.

4.11. Конкурс жыл сайын өткізіледі:

- 1) күзгі семестрдің стипендиаттарын анықтау үшін шілдеден тамызға дейін;
- 2) көктемгі семестрдің стипендиаттарын анықтау үшін қаңтарда.

Конкурсты жариялау мерзімдерін Қауымдастықтың келісімі бойынша Жобаны ұйымдастырушы бекітеді. Өтінімдерді қабылдау мерзімі: өтінімдерді қабылдаудың басталғаны туралы хабарланған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.

Байқау екі сатыда өткізіледі:

1-саты:

- Өтінімдерді және құжаттардың толық топтамасын белгіленген мерзімде қабылдау және олардың мәртебесін растау («Расталған», «Қабылданбаған», «Толық емес»).

Өтінімдерді жинау, сонымен қатар:

- деректер қате толтырылған;
- Өтінімде көрсетілген барлық міндетті құжаттар ұсынылмаған;
- рас емес деректер келтірілген өтінімдерді алып тастау жүреді.

Менеджер қабылданған Өтінімдердің ресімделу дұрыстығын және оларда ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растайды. Расталғаннан кейін Өтінім «Расталған» мәртебесіне ие болады. Қате ресімделген, сондай-ақ жалған ақпаратты қамтитын «Қабылданбаған» мәртебесі берілген Өтінімдерді менеджер растамайды және Конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

2-саты:

- Комиссияның «Расталған» мәртебесі бар өтінімдерді қарауы;
- Стипендиаттарды бекіту.

2-кезеңде Комиссия расталған Өтінімдердің осы Тәртіпте көрсетілген критерийлерге сәйкестігіне қарайды. Өтінімдерді қарау мерзімі: өтінімдерді қабылдау аяқталған күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде.

Комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды. Комиссия шешімінің негізінде Жоба менеджері стипендиаттарға стипендия төлеу туралы бұйрықтың жобасын дайындайды.

4.12. Стипендиаттарға стипендия төлеуді Жобаны ұйымдастырушының жазбаша өтініші бойынша ҚБТУ-дың стипендиаттарды тағайындау туралы бұйрығына сәйкес ҚБТУ-дың бухгалтерлік есеп, есептілік және қаржы департаменті жүзеге асырады.

Стипендия 1 академиялық кезеңге (семестрге) тағайындалады, ай сайын төленеді. Семестр – бұл есепті жылдың шілдесінен желтоқсанына дейінгі немесе есепті жылдың қаңтарынан ағымдағы жылдың маусымына дейінгі кезең.

Стипендия тек стипендиаттың банктік карточкасына қолма-қол ақшасыз төленеді. Стипендия тек университетте оқып жүрген Студенттеріне төленеді.

4.13. Стипендия төлеу келесі жағдайларда тоқтатылады:

- оқу қызметінің мониторингі нәтижесінде айқындалған Стипендиаттың Тәртіп талаптарына сәйкес келмеуі;
- Стипендиатқа академиялық демалыс берілуі;
- Стипендиаттың университеттен оқудан шығарылуы;

517-1-22 ҚБТУ ИМЖ КС

- Стипендиатта өрескел тәртіптік теріс қылық, сондай-ақ ҚБТУ-дың Академиялық адалдық саясатын бұзғаны анықталуы осы Тәртіпте көрсетілген критерийлерге сәйкес келмеуге әкеп соғады. Стипендия жойылуы мүмкін, бірақ оған аударылған сомаларды қайтару талап етілмейді. Мұндай жағдайда ҚБТУ Тәртіптік комитетінің шешімі стипендия төлемін жоюдың негізі болып табылады;

- Стипендиаттың өзге жоғары оқу орнына ауысуы;
- стипендиат қайтыс болған жағдайда.

Менеджер Стипендиаттың талаптарға сәйкес еместігін растайтын құжаттарды қоса алғанда, Стипендиатқа Стипендия төлеуді тоқтату туралы бұйрықтың жобасын дайындайды. Стипендия төлеуді тоқтату Ректордың бұйрығы негізінде жүргізіледі.

Босатылған Стипендия Университеттің өзге студентіне беріле алмайды. Босатылған Стипендиядан қалған қаражат Жобаны ұйымдастырушының шотында қалады және Конкурс негізінде келесі оқу семестрінде Стипендия төлеуге пайдаланылуы мүмкін.

5. ЖОБАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1. Жобаны ұйымдастырушы өтінімді қайта беру мақсатында түзету және/немесе толықтыру мүмкіндігі үшін «Толық емес» мәртебе алған өтінімдерді қайтаруға құқылы. Жобаны ұйымдастырушы өз есептілігінде, оның ішінде жария түрде Студенттің келесі деректерін пайдалануға құқылы:

- Аты-жөні;
- туған жылы, күні, айы;
- оқу жылы, факультеті, білім беру бағдарламасы.

5.2. Жобаны ұйымдастырушы Студенттің деректерін талдау, Студенттер арасындағы орташа көрсеткіштерді анықтау және талдау қорытындыларын одан әрі жариялау үшін, бірақ нақты есімдерді көрсетпей пайдалануға құқылы. Өтінім берілуі Студенттің Жобаны ұйымдастырушының Студенттің жеке деректерін пайдалануына сөзсіз келісімін білдіреді.

5.3. Өтінімге растайтын құжаттарды жинау бойынша шығындарды Жобаны ұйымдастырушы төлемейді.

5.4. Өтінім тек келесі жағдайда ғана қабылданады:

- Тәртіп талаптарына сәйкес;
- Студентке қатысы бар барлық тармақтар бойынша толтырылған.

5.5. Конкурса берілген Өтінімдерді Жоба ұйымдастырушысы да, Комиссия да редакцияламайды, рецензияламайды.

5.6. Конкурстың мақсаттарын іске асыру үшін Жобаны ұйымдастырушы үшінші тараптардан Стипендияға үміткер Студенттер туралы қосымша ақпарат сұратуға құқылы.

6. КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

6.1. Қажет болуы барысында Комиссия мүшелері Өтінімдерге жазбаша түсініктеме беруге құқылы. Комиссия мүшелері енгізген бағалаулар мен түсініктемелер жариялауға тыйым салынған және университеттің тиісті қызметкерлері мен Жобаны ұйымдастырушыларға ғана қолжетімді құпия ақпарат болып табылады.

6.2. Комиссия мүшелерінің құрамы жабық болып табылады және жария етілмейді, бірақ Комиссия мүшелерінің келісімімен мәртебесін өзгерте алады.

7. РӘСІМ БОЙЫНША ТӘУЕКЕЛДЕР

7.1. Осы Тәртіппен регламенттелген іс-әрекеттерді орындау барысында рәсім бойынша келесі тәуекелдер туындауы мүмкін:

№ п/п	Тәуекел атауы	Ескерту әрекеттері	Түзетуші әрекетер	Тәуекел иесі
1	Құжаттардың толық емес топтамасын ұсыну	Электрондық пошта арқылы студентпен өзара әрекеттесу, осы Тәртіпті әзірлеу	Анықталған сәйкессіздіктің себебін айқындау және салдарын жою бойынша шаралар қабылдау	Студент/ жоба менеджері
2	Конкурс өтуі туралы студенттердің уақытылы хабардар болмауы	Жоба менеджерінің мектеп деканаттарымен өзара іс-қимылы, мессенджерлер, чаттар, outlook көмегімен барлық студенттерге ақпарат жеткізу		Жоба менеджері
3	Стипендияның уақытылы төленбеуі	Осы құжатты әзірлеу, Жоба ұйымдастырушының төлем мерзімі туралы хабарламасы		Бухгалтерлік есеп, есептілік және қаржы департаменті
4	Стипендия төлеу үшін ақша аударымының болмауы	КВТУ Endowment корпоративтік қорының конкурсты өткізу қорытындылары және ҚБТУ есеп айырысу шотына ақша қаражатын аудару қажеттілігі туралы хат алмасуы және ресми хабарламасы		ҚБТУ Әлеуметтік және тәрбие мәселелері жөніндегі проректоры

8. ИМЖ БОЙЫНША ЖАЗБАЛАР

8.1. Осы Тәртіп ИМЖ-ның келесі жазбаларын белгілейді:

№ п/п	Жазбалар атауы	Жазбалардың сақталу орны	Жазбалар үшін жауапты	Қалыптастыру мерзімдері
1	Студенттер өтінімдері (4.8-тармаққа сәйкес құжаттар пакеті.)	Электрондық пошта, бұлттық қойма	Жоба менеджері	Іс номенклат урасына сәйкес
2	Атаулы стипендиялар беру туралы бұйрық	Кеңсе, бұлттық қойма	Жоба менеджері	Іс номенклат урасына сәйкес

517-1-22 ҚБТУ ИМЖ КС

3	КВТУ Endowment корпоративтік қорына конкурсты өткізу қорытындылары және ҚБТУ есеп айырысу шотына ақша қаражатын аудару қажеттілігі туралы хат	Жобаны ұйымдастырушы	Жоба менеджері	Іс номенклат урасына сәйкес
---	---	----------------------	----------------	-----------------------------

9. ЖАУАПТЫЛЫҚ

9.1. «КВТУ Alumni» Түлектер қауымдастығының кеңесі конкурсты жоспарлау мен жүзеге асыруға жауапты болып табылады.

9.2. Жоба менеджері студенттердің өтінімдерін уақытылы қабылдауға (қолданыстағы нұсқаулықтар бойынша), Комиссия үшін талдау жинағын қалыптастыруға және өтінімдерді комиссияның қарауына беруге жауапты болады.

9.3. Комиссия Стипендиаттарды таңдауға жауапты.

9.4. ҚБТУ-дың Әлеуметтік және тәрбие мәселелері жөніндегі проректоры Студентке стипендия есептеу және төлеу үшін ҚБТУ-дың есеп айырысу шотына КВТУ Endowment корпоративтік қорынан қаражаттың уақытылы аударылуына жауапты.

9.5. Бухгалтерлік есеп, есеп беру және қаржы департаменті Студентке стипендияны уақытылы есептеу және төлеу үшін жауап береді.

10. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР

10.1. Осы Тәртіптен келесі құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;

2) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

11. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

11.1. Осы тәртіп ҚБТУ Басқармасы оны бекіту туралы шешім қабылдағаннан кейін күшіне енеді. Осы Тәртіпке өзгерістер мен толықтырулар Басқарманың шешімі бойынша енгізілуі мүмкін.

11.2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын, ҚБТУ Жарғысын өзгерту нәтижесінде осы Тәртіптің жекелеген нормалары олармен қайшы келсе, Тәртіп заңнамаға және Жарғыға сәйкес келгенге дейін Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алу қажет.

11.3. Осы Тәртіппен регламенттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және ҚБТУ нормативтік құжаттарына сәйкес реттеледі.

517-1-22 ҚБТУ ИМЖ КС

БЛОК-СҰЛБА:

ҚАЗАҚСТАН-БРИТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАКАЛАВРИАТ СТУДЕНТТЕРІНЕ «КВТУ ALUMNI» ҚБТУ ТҮЛЕКТЕРІ ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ АТАУЛЫ СТИПЕНДИЯЛАРЫН БЕРУ

Кіру:	Қазақстан-Британ техникалық университетінің бакалавриат студенттеріне КВТУ ALUMNI ҚБТУ түлектері қауымдастығының атаулы стипендияларын ұсынуға конкурс өткізу	
Іс-қимыл	Кім орындайды	Жазба
<div style="border: 1px solid black; padding: 5px; width: fit-content; margin: 0 auto;">Өтінімдерді толтыру; электрондық поштаға жіберу;</div> <p style="text-align: center;">↓</p>	Студент	Электрондық хабарлама
<div style="border: 1px solid black; padding: 5px; width: fit-content; margin: 0 auto;">Құжаттың қабылданғанын растау немесе жетіспейтін құжаттарға сұрау салу</div> <p style="text-align: center;">↓</p>	Жоба менеджері	Электрондық хабарлама
<div style="border: 1px solid black; padding: 10px; width: 80%; margin: 0 auto;"> <p style="text-align: center;">Өтінімдерді жинау, бұлтты сақтау орнын құру, өтінімдерді талдау, материалдарды комиссияға жіберу</p> </div> <p style="text-align: center;">↓</p>	Жоба менеджері	Электрондық хабарлама, бұлттық қойма
<div style="border: 1px solid black; padding: 5px; width: fit-content; margin: 0 auto;">Өтінімдерді қарау және шешім қабылдау</div> <p style="text-align: center;">↓</p>	Конкурстық комиссия	Бұйрық
Шығу:	Стипендиаттарға стипендия тағайындау және төлеу	

«KBTU ALUMNI» ҚБТУ түлектері қауымдастығының стипендиясын тағайындау конкурсына қатысу үшін өтінім

«KBTU ALUMNI» ҚБТУ түлектерінің қауымдастығының Стипендия тағайындау жөніндегі комиссиясына

(нақты тұратын мекенжайы)

мекенжайы бойынша тұратын

(Аты-жөні, толық)

ӨТІНІШ

«KBTU ALUMNI» ҚБТУ түлектері қауымдастығының стипендиясын тағайындау Конкурсына қатысу үшін өтінішімді қабылдауыңызды сұраймын.

Студенттің аты-жөні		Фото
<i>Байланыс деректері (моб. телефон, электрондық адрес)</i>		
Туған күні, айы, жылы		
Нақты тұратын мекенжайы		
Ұлты		
Орта білімі		
Факультеті		
Мамандығы		
Оқу жылы		
Жалпы GPA		
Оқытуды қаржыландыру көзі (мемлекеттік грант / ақылы бөлім/ компания есебінен) / ҚБТУ гранты		
Әлеуметтік мәртебесі (көп балалы отбасы, денсаулық жағдайы, өзге де әлеуметтік санаттар)		
ҚБТУ-да оқу кезеңіндегі жетістіктері (академиялық, ғылыми, шығармашылық, спорттық) болуы барысында		

Университеттің/МжСҮ ішкі тәртіп ережелерін бұзуы (болған жағдайда)	
Өзім туралы қосымша хабарлаймын	

Студенттің конкурсқа қатысуға өтінімі

Өтінімді толтыру ережесі:

1. Құжаттардың толық пакеті Конкурс туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде Ұйымдастырушының электрондық поштасына жіберіледі. Конкурс аяқталғанға дейін ешбір жағдайда Жобаны ұйымдастырушыдан келген хаттарды адрестен жоюға болмайды.

2. Студенттің қолы қажет жерде тек қолы ғана қойылуы тиіс. Студенттің қолы мен аты-жөні талап етілетін жерде Студенттің жеке куәлігі/паспорты бойынша қолы мен аты-жөні жазбаша түрде қойылуы тиіс.

3. Өтінімге фотосурет желімделіп, барлық қажетті құжаттардың сканерленген көшірмелері қоса берілуі тиіс.

4. Тек ҚБТУ-да оқу кезеңіндегі ғылым, спорт және мәдениет саласындағы іс-шараларға (олимпиадалар, турнирлер және т.б.) қатысуы мен марапаттар иеленуі туралы деректер және оны растайтын құжаттар ғана көрсетіледі.

Студенттің аты-жөні

күні

қолы

Жауапкершілік туралы мәлімдеме

Мен _____

(Студенттің аты жөні жазбаша)

«KBTU Alumni» ҚБТУ түлектері қауымдастығының стипендиясына үміткер Студент осы өтінімде мен ұсынған барлық ақпарат толық және дұрыс екенін растаймын. Біле тұра жалған немесе толық емес деректерді ұсыну Конкурстан шығаруға, сондай-ақ ол берілген жағдайда ай сайынғы стипендиядан айыруға әкелетінін білемін. Мен «KBTU ALUMNI» ҚБТУ түлектері қауымдастығының стипендиялық бағдарламасы туралы тәртіп талаптарымен таныстым.

Мен конкурстық іріктеу нәтижелерін серіктестерге, сарапшыларға және өзге де мүдделі ұйымдарға беруге, сондай-ақ конкурстық іріктеу нәтижелерін ресми сайтта орналастыруға қарсы емеспін.

Мен конкурстың барлық кезеңдерін ата-анамның/қамқоршымның немесе басқа делдалдардың қатысуынсыз өз бетімше өтуге міндеттенемін. Конкурстан өту барысында конкурс кезеңдерін ұйымдастыруға және өткізуге жауапты Университет қызметкерлерімен сыпайы қатынас жасауға міндеттенемін.

Жеке деректерім өзгеруі барысында, ол өзгерген сәттен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде жаңа деректерімді жазбаша түрде немесе alumni_scholarship@kbtu.kz электрондық поштасына хатпен хабарлауға міндеттенемін.

Мен толтырған Өтінімде көрсетілген электрондық поштамды үнемі тексеріп отыруға және сұралған ақпаратқа уақытылы жауап беруге міндеттенемін.

Төменде курсивпен жазылған мәтінді өз қолыңызбен жазуыңызды өтінеміз:

Осы қосымшаны мен өз қолыммен толтырдым. Мен жоғарыда аталған шарттармен және талаптармен таныстым, келісемін (жеке қолтаңбаммен растаймын).

Студенттің қолы _____

Күні, айы, жылы _____